

010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, 11-кіреберісте орналасқан **Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы»** акционерлік қоғамының (бұдан әрі – **Қоғам**) директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына конкурс жариялайды (Қоғамның мекен-жайы: Қарағанды қаласы, М. Газалиев көшесі, 4).

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері:

- Жаңа материалдар мен препараттар алу үшін табиғи, оның ішінде өсімдік шикізатын зерттеу;
- халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін дәрілік препараттарды өндіру бойынша ғылымды қажетсінетін технологиялар мен техниканы жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және оларды өндіріске енгізу;
- ғылыми-зерттеу қызметін мемлекеттік реттеу бойынша орта және ұзақ мерзімді келешекте фармацевтикалық өндірісті ғылыми-технологиялық дамыту бойынша ұсыныстарды жасау, соның ішінде фармацевтикалық өнеркәсіптің ғылыми зерттеулері мен зерттемелерін ынталандыру жөніндегі мемлекеттік шаралар қолдану.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Қоғамның тәуелсіз директорларына конкурстық іріктеу мынадай талаптардың біріне жауап беретін кандидаттарды іздеу мақсатында жүргізіледі:

- 1) ғылым саласында немесе ұйымның бейіні (химия табиғи қосылыстар, биоорганикалық хими, фармацевтикалық өндіріс технологиясы) бойынша және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 10 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) білім және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.
- 4) Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) мүшесі ретіндегі кемінде 3 жұмыс тәжірибесі;
- 5) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- 6) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- 7) іскерлік бедел;
- 8) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

Конкурсқа қатысуға мынадай адамдар қабылданбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) Осы Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын және ол директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ол болып табылған (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылатын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары ұйымдарының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылығымен байланысты және ол директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болған; мемлекеттік қызметші болып табылатын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында және ол директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылған; осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатысқан және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатысқан тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер адамдардан құжаттар қабылдау басталатын күн тізілімнің конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап айқындалады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы жарияланған **күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні өткен соң аяқталады.**

Конкурсқа қатысуға үміткер адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Фитохимия» ғылыми өндірістік орталығы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқарудың кейбір мәселелері туралы» 2025 жылғы 3 сәуірдегі №8-нж бұйрығымен бекітіліген сайлау ережесіне сәйкес конкурсқа қатысу туралы өтінішті қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндемемен қоса электрондық нысанда ұсынады.

Ережеде көрсетілген құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ құжат тапсырған адам ереженің талаптарына сәйкес келген кезде Комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап **2 (екі) жұмыс күні ішінде** құжаттар тапсырған адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Комиссия жүргізген бағалау нәтижелері бойынша қойылатын талаптарға сәйкес қатысушылар әңгімелесуге оның өткізілетін күні, уақыты және орны көрсетіле отырып шақырылады.

Әңгімелесуге жіберілген конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізіледі.

Комиссия конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізу кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуін тексереді.

Анықтама телефоны:

8(7172) 74-24-62

Электронды пошта: d.mukhamedieva@sci.gov.kz

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
тәуелсіз директорларын сайлау тәртібіне

№1 қосымша

Нысан

Өтініш

Осы өтінішпен «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға өз келісімімді растаймын. Сондай-ақ, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ үлестес тұлғасы болып табылмайтынымды және соңғы үш жыл ішінде ол болып табылмағанын, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтынымды және олардың лауазымды тұлғаларымен – «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ үлестес тұлғаларымен бағыныстылығымен байланысты емес екенімді растаймын; мемлекеттік қызметші болып табылмаймын; «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ аудиторы болып табылмаймын және соңғы үш жыл ішінде аудитор болып табылмағанымды, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспағанымды және соңғы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспағанымды растаймын.

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Күні

«_____» _____ 202__ г.

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы»
акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
тәуелсіз директорларын сайлау тәртібіне
№2 қосымша

Нысан

Фото

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ
директорлар кеңесінің мүшелігіне тәуелсіз директор ретінде
сайланатын кандидат туралы мәлімет
« _____ »;

1. Жалпы ақпарат:

Тегі, аты, әкесінің аты	
	(жеке куәлікке (төлқұжатқа) толық сәйкес, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, қашан және қандай себеппен өзгертілгенін көрсету қажет)
Туған күні және жері	
Тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірі	
	(толық мекен-жайын, қызметтік, үй, байланыс телефонын толық көрсету қажет)
Азаматтылығы	
Жеке куәліктің, құжаттардың толық деректемелері	

2. Үлестестік туралы мәлімет:

Жақын туыстары туралы мәліметтер (ата-анасы, жұбайы, ағасы, әпкесі, балалары), сондай-ақ жекжаттар (ағасы, әпкесі, ата-анасы, жұбайының балалары):

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Күні, айы, туған жылы	Туыстық қарым-қатынасы	Жұмыс орны және лауазымы
1.				

2.				
3.				

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу:

№	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның жарғылық қызмет түрлері	Қатысу сомасы мен үлесі
1.			
2.			

3. Кәсіби деректері:

Білімі, оның ішінде кәсіптік білім, жұмыс бейіне сәйкес	
	(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімшенің атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, берілген біліктілікті, білім туралы дипломның деректемелерін көрсету қажет)
Қосыша білім, оның ішінде курстар жұмыс істейтін салада біліктілікті арттыру, ғылыми дәрежелері	
	(оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, оқу кезеңін, білім туралы дипломның, сертификаттың, куәліктің деректемелерін көрсету қажет)
Директорлар кеңесі/Байқау кеңесі құрамындағы жұмыс тәжірибесі	
Байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесінің жұмысына уақыт бөлу мүмкіндігі	
Жетістіктері	
	(мысалы ғылыми жарияланымдар, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларын әзірлеуге қатысу т.б.)
Қоғамдық ұйымдарға мүшелігі	
	(мысалы аудитордар палатасы, актуарийлер)
Сіз сот шешімімен әрекетке қабілетсіз днемесе әрекет қабілеті шектеулі деп	

танылдыңыз ба? (болған жағдайда қашан және не үшін)	
Сіз белгілі бір мерзім ішінде, қашан және не үшін мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылдыңыз ба? (болған жағдайда қашан және не үшін)	
Шетелде оқу немесе жұмыс жасауы Барған елі Барған уақыты Жұмыс немесе оқу орны	

Күні

«_____» _____ 202__ г.

_____(қолы)